



**Маликова Мадина,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы**

Адам өмірге келіп, ес жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі үніліп, тарихи ескерткіштерде Орхон-Енесей жазбаларында, соның ішінде Күлтегін ескерткішінде тасқа қашалып бедерленген, болашақ ұрпақ яғни біздерге ұлағат та, аманат та боларлық ғибрат сөз бар: «Халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын ел ұзақ жасайды» делінген. Осының айғағы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кешегі кеңестік жүйеден жаңа заманға сай қадам басып, замана көшіне ілесіп қана қоймай, сол ұлы көштің бастаушысына айналады.

Н.Ә.Назарбаев бүгінгі Қазақстан мемлекетінің алғышарттарын жасады. Мемлекетіміздің Ата заңы – Конституциясы қабылданып, игі істер осыдан бастау алды. Елбасы әрбір жыл сайын халыққа жолдау жолдайды. Сол Жолдауда көрсетілетін үндеу барлық облыстарда аса ыждаһаттылықпен жүргізіліп, оң нәтижесін беріп жатыр.

Елбасы Жолдауында айтылған басты тақырып – балабақшалар мектептерді көбейту. Сол үшін «Балапан» мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыстар жүргізіліп, балғын бөбектердің білімге құштар болуына, оқушылардың болашақта мамандықты таңдау барысын дұрыс бағдар қалыптастыруына жол ашылды.

Білім ордалары – мектептердің көптеп салынуы – болашағымыз үшін жасалып жатқан игі шара. Біздің рухани байлығымыз – биікке жетелейтін жетістік болып табылатынына сенімім мол. Ал адам намысын қозғап рухани байлығымызға деген құрмет сезіміне бөлеп, сүйіспеншілікке жетелейтін елордамыз – Астана бұл күнде Сарыарқаның жүрегінде, Еуразия кеңістігінің кіндігінде тұр.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырықты өсімдік тәрізді байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке – дара жап – жасыл жазира Есілдің оң жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз, Қазақстанның астанасының зәулім ғимараттары бой көтерген өскелең

[Введите текст]

құрылысын көресіз. Мәдениет пен руханият мекемелері қайталанбас ою-өрнектермен айшықталған.

Елбасы Ақ Ордасының төбесінде ұлттық байрағымыз желбіреген киіз үй сипатты зор күмбез баршаны ауызбіршіліктен айнымауға шақырып, қызбалықтың, түсініспеушіліктің дауылдарынан, өшпенділіктің сұрапылдарынан сақтандырып тұр.

Астананың бүгінгі көркі бойымызды тіктеп, жанымызды шымырлатып, сұлулықтың жылы лебімен тербейді. Заманауи құралдармен салынған ғимараттар көрген жанды баурап алады. Көңіл-күйіңді шарықтата биіктетеді. Астана көркі – Бәйтерек бейне бір қиял-ғажайып дүниеден жаралғандай көрген адамды сүйсіндірмей қоймайтын, қазақ халқының ұлт мақтанышы екеніне дау жоқ. Қиын кезеңдерді артқа тастап, абыройңызды биік белестерге көтерілудің – халқымызды рухтандырады. Әлемдік өркениеттің биік талаптарына сай жаңа қоғамның құрылуы әркімді қанаттандырады. Бәйтерек Астананың барлық тұрғындарының көз қуанышына айналды, өзінің жарқыраған сәулесімен Елорда үстіне нұрын төгіп тұр. Ол күн нұрымен шағысып, төңірегіне жарық сәуле шашқан алып шарды өмір мен мейірім символын әлемге паш етіп тұр. Астана бұл күнде еліміздің мақтанышына, даламыздың көркіне айналып отыр. Астана аялы алақанмен, ыстық мейіріммен тұрғызылды. Осы қаланы рухани сезіммен тұрғызуға Президентіміз бірлікке шақырып, жанымызға демеу болды.

Біздің келешегімізге қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекетіміздің орталығы – Астана қазір күннен күнге жайнап келеді. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев қазақтың, қазақстандықтардың тағдырына бүкіл әлем қызыға қарайтындай ететін күнге жетелеп, аянбай еңбек етіп келеді.